

## Түркісой құрылымы мен оның жұмыс істеу қағидаттары туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 мамырдағы N 737

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылғы 12 шілдеде Алматыда қол қойылған Түркісой құрылымы мен оның жұмыс істеу қағидаттары туралы шарт бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Шарттың күшіне енгені туралы депозитарийді хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Түркісой құрылымы мен оның жұмыс істеу  
қағидаттары туралы  
Шарт

Осы Шартқа қатысушы елдер - Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түркменстан, Түркия Республикасы және Өзбекстан Республикасы, бұдан әрі Тараптар деп аталады:

- түркі тілдес елдер мен халықтар арасындағы жақсы өзара түсінушілік әр тарапты мәдени байланыстарды одан әрі жақындастыру мен нығайту, болашақ ұрпақты ұлттық мәдениеттің қайнар көзіне тарту мақсатында;

- түркі және көне түркі халықтары мәдениетінің жалпы адамзаттың өркениеттің қалыптасуына қосқан айрықша маңызын, түркі халықтары мәдениеті мен өнерін сақтау, түлету және одан әрі дамыту қажеттігін ескере отырып;

- мәдениет саласындағы халықаралық шарттар мен келісімдерді назарда ұстай  
о т ы р ы п ,

мына төмендегілер жайында уағдаласты:

I-бап

"Тараптар" түркі тілдес елдері Мәдениет министрлері Кеңесі Стамбул қаласында (1992 ж. 19-20 маусымда) және Баку қаласында (1992 ж. 30 қараша - 2 желтоқсанда) әзірлеген шешімдер мен құжаттарды негізге ала отырып, бұдан әрі "ТҮРКІСОЙ" деп аталатын мәдени ынтымақтастықтың халықаралық ұйымын құрды.

## 2-бап

ТҮРКІСОЙ өз қызметін түркі тілдес елдер Мәдениет министрлері Кеңесі бекіткен жобалар мен бағдарламалар негізінде жүзеге асырады, оны ТҮРКІСОЙ Үйлестірушісі б а с қ а р а д ы .

ТҮРКІСОЙ Үйлестірушісі қатысушы елдер Мәдениет министрлері арасынан 6 ай м е р з і м г е с а й л а н а д ы .

Кемінде екі қатысушы елдің ұсынуы бойынша Үйлестіруші Мәдениет министрлері Кеңесінің кезектен тыс мәжілісін шақырады.

## 3-бап

Түркі тілдес елдер Мәдениет министрлерінің Кеңесі көпшілік дауыспен ТҮРКІСОЙ Бас директорын тағайындайды, ол жұмыс органының дербес құрамын айқындайды және оның практикалық қызметін ұйымдастырады.

## 4-бап

Әрбір қатысушы ел ТҮРКІСОЙ құрамына бір тұрақты өкілін жібереді, оны сол елдің Мәдениет министрі тағайындайды.

## 5-бап

ТҮРКІСОЙ қызметіне байланысты мәселелер шешімі түркі тілдес елдер Мәдениет министрлері Кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

#### 6-бап

ТҮРКІСОЙ штаб-пәтері Анкара қаласында орналасқан.

#### 7-бап

ТҮРКІСОЙ қызметін жүзеге асыру үшін Қор құрылады, оған үлестік қатысу мөлшерін Мәдениет министрлерінің Кеңесі айқындайды және ол жыл сайын жаңа Хаттамамен ресімделіп отырады.

ТҮРКІСОЙ қаржыландырудың қосымша көздерін құру мақсатында Қор халықаралық құқық нормаларға қайшы келмейтін кез-келген қызмет пен бастамаларды жүзеге асырады.

#### 8-бап

Шарт әрбір қатысушы елдің заңдарына сәйкес бекітілгеннен кейін және депозитарий ел - Түркия хабарланған кезден бастап күшіне енеді.

#### 9-бап

Алматы қаласында 1993 жылғы 12 шілдеде әзірбайжан, қазақ, қырғыз, түрік, түрікмен және өзбек тілдерінде алты дана етіп жасалады, олардың әрқайсысының күші бірдей.

Әзірбайжан Республикасы үшін

Мәдениет министрі

Полад Бюль-Бюль оғлы

Қазақстан Республикасы үшін  
Мәдениет министрі Еркеғали Рахмадиев

Қырғыз Республикасы үшін  
Мәдениет министрі Даниял Назарматов

Түрікменстан үшін  
Мәдениет министрі Гелдымұрат Нұрмұхамедов

Түркия Республикасы үшін  
Мәдениет министрі Д. Фикри Сағлар

Өзбекстан Республикасы үшін  
Мәдениет министрі Зафар Хахимов